

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының, бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемесін он есеге жоғарылату туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 16 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 мамырда № 6369 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2018 жылғы 15 ақпандағы № 176 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 15.02.2018 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 386-бабы 5 тармағына, 444-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының, бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*П. Лебедев*

*Аудандық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Қ. Арықов*

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Меңдіқара ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ А.Амантаев

"Меңдіқара ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК